"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУ
ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТ
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат
Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025,
СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО
бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09.08.2019-ғы № 03-18/3150 шығыс хаты

«Даулет Компани Трейд» ЖШС-не

Сіздің 26.07.2019 жылғы № 50937 санды өтінішіңізге:

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* тарапынан, Сіздің өтініштеріңізге сәйкес, «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен ұйымдастырылған №3344632-1 «Установка уличного освещение в с.Макташы Ордабасинского района» ашық конкурсына камералдық бақылау жүргізілді.

Камералдық бақылаумен төмендегілер анықталды.

ҚР ҚМ 11.12.2015 жылғы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі – Қағида) 85-1 тармағында, *тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі* делінген.

Қағиданың Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметінің 3-тармағында, әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көзделген жұмыстарды орындау үшін қажет растайтыны құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, материалдық ресурстардың бар екені туралы мәліметтерді көрсетеді делінген.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында конкурстық комиссия Қағиданың 150 тармағының талаптарын сақтамай әлеуетті өнім берушілер «Астана Томирис и Ко» ЖШС-нің және «Baysic СТРОЙ» ЖШС-нің конкурстық өтінімдерін негізсіз конкурсқа қатысуға рұқсат берген.

Себебі, әлеуетті өнім беруші «Астана Томирис и Ко» ЖШС-і тарапынан материалдық, еңбек ресурстарының растаушы құжаттары мүлдем ұсынылмағаны анықталды.

Сонымен қатар, әлеуетті өнім беруші «Baysic СТРОЙ» ЖШС-і тарапынан техникалық ерекшелікте сұратылған 3 крановщик, оператор экскаватора және оператор автопогрузчика еңбек ресурстары ұсынылмағандығы анықталды.

Камералдық бақылау – ҚР ҚМ 30.11.2015 жылғы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 19 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдей келе, ҚР 12.01.2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 Заңының 12, 14

09.08.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Заңның 47 бабы 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылатынын ескертеміз.

Департамент басшысының
орынбасары **А.Омаров**

✍: Т.Алимтаев
☎: 35-06-06

09.08.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)